

2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 157 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 6074 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 75-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 201 565 950,6 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 19 250 003,3 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 3 449 398,6 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 30 306,7 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 178 566 242,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 197 167 371,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 2 736 887,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттер – 12 068 681,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 9 331 794,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 5 205 554,0 мың теңге;
 - қаржы активтерін сатып алу – 5 205 554,0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 543 861,5 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3 543 861,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 270 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

2. 2018 жылға арналған аудандар мен Қызылорда қаласының бюджеттерінен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативтері төмендегідей болып белгіленсін:

1) 101.201 "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" және 101.205 "Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы" кодтары бойынша бюджеттерінен:

- Арал ауданы – 37,85%;
- Қазалы ауданы – 38,86%;
- Қармақшы ауданы - 50%;
- Жалағаш ауданы - 50%;
- Сырдария ауданы - 50%;
- Шиелі ауданы - 50%;
- Жаңақорған ауданы - 50%;
- Қызылорда қаласы – 30%;

2) 101.202 "Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша аудандар бюджеттерінен – 0%, Қызылорда қаласы бюджетінен - 30%;

3) 103.101 "Әлеуметтік салық" коды бойынша бюджеттерінен:

- Арал ауданы – 42,09%;
- Қазалы ауданы – 43,6%;
- Қармақшы ауданы - 50%;
- Жалағаш ауданы - 50%;
- Сырдария ауданы - 50%;
- Шиелі ауданы - 50%;
- Жаңақорған ауданы - 50%;
- Қызылорда қаласы – 30%.

3. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте, облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 64 194 855 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

- Арал ауданы 9 054 373 мың теңге;
- Қазалы ауданы 10 391 943 мың теңге;
- Қармақшы ауданы 8 582 538 мың теңге;
- Жалағаш ауданы 5 120 470 мың теңге;
- Сырдария ауданы 410 884 мың теңге;
- Шиелі ауданы 10 813 584 мың теңге;
- Жаңақорған ауданы 10 223 970 мың теңге;
- Қызылорда қаласы 9 597 093 мың теңге.

4. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2018 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) білім беру;

- 2) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыру;
- 3) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру;
- 4) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға сауықтыру үшін біржолғы материалдық көмек;
- 5) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдарды әлеуметтік қолдау;
- 6) өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуге;
- 7) туберкулез ауруының қолдаушы фазасында емделіп жүрген науқастарға әлеуметтік көмек көрсету;
- 8) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен ауырған диспансерлік есепте тұрған балаларға әлеуметтік көмек көрсету;
- 9) атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгізуіне байланысты жұмыспен қамту орталықтарын материалдық-техникалық базасымен нығайту;
- 10) қалалық, аудандық, ауылдық кітапханаларға кітап сатып алу;
- 11) тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан күндізгі бөлімде оқитын жоғары, арнаулы орта оқу орындарының және кәсіптік лицейлердің студенттері мен оқушыларының қалалық қоғамдық автокөліктерде жүру төлем ақысын өтеу;
- 12) ауыл шаруашылығында іс-шаралар өткізу;
- 13) су шаруашылығы нысандарын құжаттандыруды дайындау;
- 14) көлік инфрақұрылымын күрделі және орташа жөндеу;
- 15) мәслихат хатшыларының лауазымдық еңбекақысының ұлғаюы;
- 16) мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында жүзеге асырылған денешынықтыру сауықтыру кешенін ұстау;
- 17) атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгізуіне байланысты Байқоңыр қаласында жұмыспен қамту орталығын құру;
- 18) жылдық кіріс түсімдері болжамының орындалмауына байланысты жоғалтуларын өтеу;
- 19) әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау.
- 20) абаттандыру;
- 21) әлеуметтік объектілерді ағымдағы және күрделі жөндеу;
- 22) облыстық деңгейден аудандық деңгейге 7 бірлік штаттан тыс қызметкерлерді бөлу;

23) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді ендіру;

24) I топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтеріне ақы төлеу;

25) Қызылорда қаласының 200 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өткізу;

26) тұрғын үй көмегін көрсету;

27) спорттық іс-шараларды өткізу.

28) Жалағаш ауданының мәдениет нысанын жылумен қамтамасыз ету.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 12.02.2018 № 176; 29.03.2018 № 186; 01.06.2018 № 202; 08.08.2018 № 230; 13.11.2018 № 255 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады) шешімдерімен.

5. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2018 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру;

2) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеу ;

3) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеу;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеу;

5) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді ендіру;

6) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру;

7) еңбек нарығын дамыту;

8) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау;

9) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыру;

10) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеу;

11) ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеу.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 01.06.2018 № 202 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

6. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне облыстық бюджет есебінен 2018 жылға арналған нысаналы даму трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

- 1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 2) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 3) көлік инфрақұрылымын дамыту.
- 4) заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту;

5) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салу және (немесе) реконструкциялау;

6) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыру;

- 7) жылу-энергетикалық жүйені дамыту;
- 8) әлеуметтік нысандарды дамыту;
- 9) қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамыту;
- 10) тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының құрылысы;
- 11) мал көмінділерінің құрылысы.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 12.02.2018 № 176; 29.03.2018 № 186; 01.06.2018 № 202 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады) шешімдерімен.

7. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2018 жылға арналған нысаналы даму трансферттердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру;

- 3) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 4) ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;
- 5) жылу-энергетикалық жүйесін дамыту.

8. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне республикалық бюджет есебінен 2018 жылға арналған нысаналы несиелердің бөлінуі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде төмендегілер үшін айқындалады:

1) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру;

2) жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау және құрылысы.

9. 2018 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен трансферттердің түсімдері:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты - 2 288 160 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты - 688 327 мың теңге көзделсін.

Аудандар мен Қызылорда қаласы бюджеттерінен аталған трансферттер сомаларының облыстық бюджетке түсімі облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9-1. Аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттерінен электронды құжат айналымы бірыңғай жүйесінің орталықтандырылуына байланысты 51 435 мың теңге облыстық бюджетке қайтарылсын.

Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды- Қызылорда облыстық мәслихатының 12.02.2018 № 176 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

9-2. 2018 жылға арналған белгіленген борыш лимиті шегінде мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару арқылы облыстың жергілікті атқарушы органымен қарыз алуы мақұлданысын.

Ескерту. Шешім 9-2-тармақпен толықтырылды- Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2018 № 186 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

10. алынып тасталды – Қызылорда облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 270 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және жариялауға жатады).

11. 2018 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Қызылорда облыстық мәслихатының
17 сессиясының төрағасы*

М. Өтеев

*Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы*

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының

2018 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 270 шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады).

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	201 565 950,6
1			Салықтық түсімдер	19 520 003,3
	01		Табыс салығы	4 974 312,0
		2	Жеке табыс салығы	4 974 312,0
	03		Әлеуметтік салық	4 237 744,0
		1	Әлеуметтік салық	4 237 744,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	10 307 947,3
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	10 307 947,3
2			Салықтық емес түсімдер	3 449 398,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	135 563,4
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	8 483,6
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	43 489,8
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	83 590,0
			Мемлекеттік бюджеттен	

02			қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	(100,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	(100,0
03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	797,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	797,0
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар,	(673 944,9

			өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылаты н, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылаты н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	673 944,9
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 638 993,3
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 638 993,3
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	30 306,7
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	30 306,7
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	30 306,7
4			Трансферттердің түсімдері	178 566 242,0
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	3 188 793,0
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 188 793,0

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	175 377 449,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	175 377 449,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	197 167 371,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 905 920,8
	110		Облыс мәслихатының аппараты	59 109,0
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	59 109,0
	120		Облыс әкімінің аппараты	2 400 695,3
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 789 243,9
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	470 744,4
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	26 115,0
			Облыс Қазақстан х а л қ ы	

		013	Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	114 592,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	7 432 783,8
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	108 540,0
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	659,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 000,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7 307 584,8
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	275 475,9
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	150 805,9
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері	124 670,0

			жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	
263			Облыстың ішкі саясат басқармасы	124 338,3
		078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	124 338,3
282			Облыстың тексеру комиссиясы	183 968,1
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	183 968,1
288			Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	177 701,2
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	177 701,2
289			Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	158 393,2
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	117 166,2
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	41 227,0
718			Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	54 373,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	54 373,0

			жөніндегі қызметтер	
	730		Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	39 083,0
		001	Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	39 083,0
02			Қорғаныс	1 782 508,3
	296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 782 508,3
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69 167,7
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	43 496,0
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	120 567,0
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	146 873,0

		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	73 957,1
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 256 105,5
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	72 342,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 490 204,4
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 061 621,6
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 145 434,1
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 772,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	817 351,5
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	45 566,7
		014	Әкімшілік тәртіппен	45 459,1

			тұткындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	
		015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	5 038,2
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	428 582,8
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	428 582,8
04			Білім беру	25 787 555,8
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	619 878,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	124 057,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	471 082,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	24 739,0
	261		Облыстың білім басқармасы	17 512 600,1
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	181 546,9
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 012 873,2
			Облыстық мемлекеттік білім	

		004	беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	11 416,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	38 459,1
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	814 211,6
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	325 758,8
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	274 477,8
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	65,0
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	17 091,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 166 904,3
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	2 834 200,2
			Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға	

	027	аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 516 056,0
	029	Әдістемелік жұмыс	91 867,7
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 260 351,0
	056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тілдік курстар өтілінен өткен мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін және оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге үстемақы төлеу үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	187 610,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	147 683,5
		Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының	

		071	мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 612 398,0
		072	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	405 036,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 614 594,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 941 544,6
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 583 836,1
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	357 708,5
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала	4 713 533,1

			құрылысы басқармасы	
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	1 557 042,7
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	2 956 490,4
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	200 000,0
05			Денсаулық сақтау	10 964 741,9
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	6 268 824,4
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	195 676,2
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	165 269,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	190 036,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	158 871,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	51 216,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық	23 672,0

			талдамалық қызметтер	
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 743 364,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	31 854,6
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 692 129,8
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	666 037,8
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	350 698,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 695 917,5
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу	4 695 917,5

			ж ә н е реконструкциялау	
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	6 926 130,8
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 632 588,4
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	110 160,3
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеум еттік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	261 034,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	376 609,8
		013	Психоневрологиялы қ медициналық-әлеум еттік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялы қ аурулармен	759 077,5

			ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	428 657,0
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	337 912,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	224 068,4
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру	1 349,0
			Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне нәтижелі жұмыспен	

		037	қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде, еңбек нарығын дамытуға бағытталған, іс-шараларын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 173 862,5
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	360 090,0
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	8 472,0
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 414 993,0
			Кохлеарлық импланттарға	

		053	дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	37 800,0
		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 680,0
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	86 383,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	49 217,9
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	998 222,0
	261		Облыстың білім басқармасы	200 339,8
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз	147 800,7

			қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	52 539,1
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	26 777,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	26 777,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	4 619,0
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 619,0
	295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	61 806,6
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	61 806,6

07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	18 337 995,5
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	8 310 585,8
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	124 775,7
		010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 155 345,4
		030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 328 057,5
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	2 530 727,0

		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	910 903,9
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	13 461,6
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	298 871,6
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	948 443,1
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	10 027 409,7
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 291 984,0
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	700 000,0
		034	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 035 425,7
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12 565 990,8

	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	997 406,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	185 430,5
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	751 286,0
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	56 300,5
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 389,0
	273		Облыстың мәдениет , архивтер және құжаттама басқармасы	3 212 013,2
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	78 048,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	191 913,0
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	426 880,2
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	673 584,0
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	176 845,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	246 732,3
			Ведомстволық бағыныстағы	

		032	мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 392 457,7
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	25 553,0
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	300 436,4
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	28 303,0
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	179 936,4
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	472,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	91 725,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 542 654,4
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	341 709,4
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	155 213,0
			Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының	

		003	мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 750 511,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	202 996,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	92 225,0
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	499 543,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 586,0
		008	"Ақпараттық технологиялар орталығы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	483 337,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 620,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 982 118,6
		024	Спорт объектілерін дамыту	1 934 081,9

		027	Мәдениет объектілерін дамыту	1 048 036,7
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	31 819,2
		010	Туристік қызметті реттеу	31 819,2
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	6 675 698,9
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 852 510,3
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	3 540 037,8
		050	Жылыту маусымын ірікіліксіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	242 472,5
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	70 000,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 823 188,6
		019	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 823 188,6
			Ауыл, су, орман, балық	

10			шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	12 368 643,6
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	42 352,0
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42 352,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 973 444,2
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 047,0
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	39 303,9
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	38 581,5
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	802 728,7
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	11 714,1
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	541 204,9
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	33 587,0

		022	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	16 495,5
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	54 479,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	337 302,6
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	10 000,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	10 067 428,0
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	140 116,0
		002	Т ұ қ ы м шаруашылығын қолдау	387 899,0
		014	А у ы л шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	454 133,0
		018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	2 013,0
		019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	49 400,0
			Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік	

		020	шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіспен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	1 554 127,0
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	92 840,0
		041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	490 969,0
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	32 734,0
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен	378,0

			тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	1 866 329,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	1 658 132,0
		053	Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділі мен сапасын арттыруды субсидиялау	2 248 857,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	810 085,0
		059	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау	18 762,0
		060	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде	103 157,0

			микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	
		061	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау	109 013,0
		071	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке оқыту	36 080,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	12 404,0
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	228 524,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40 708,0
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	2 200,0
			Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың	

		030	профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	185 616,0
	725		Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	56 895,4
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 895,4
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	419 416,9
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	336 649,6
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	125 221,2
		004	Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	68 223,3

		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	143 205,1
	724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	82 767,3
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 124,3
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 643,0
12			Көлік және коммуникация	13 030 614,7
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	13 030 614,7
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 119,3
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	2 717 801,2
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	167 541,8
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	157 785,0

		007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	532 268,7
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 051 728,8
		027	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 658 370,0
		028	К ө л і к инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	100 000,0
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 565 999,9
13			Басқалар	2 359 345,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	155 079,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	155 079,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	113 725,0

		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	113 725,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	337 750,9
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	337 750,9
	261		Облыстың білім басқармасы	8 472,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	8 472,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын	173 663,1

			үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	
		024	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	173 663,1
	280		Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	98 519,0
		001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 519,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	76 609,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	76 609,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	1 395 527,0
		005	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	200 000,0
		006	"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы	820 238,0

			шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	
		008	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	50 747,5
		015	"Бизнестің жол қартасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	299 000,0
		027	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	25 541,5
14			Борышқа қызмет көрсету	18 176,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	18 176,0
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	10 826,0
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7 350,0
15			Трансферттер	68 534 427,7
	257		Облыстың қаржы басқармасы	68 534 427,7
		007	Субвенциялар	64 194 855,0
			Пайдаланылмаған (т о л ы қ	

		011	пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	52 482,6
		017	Нысаналы мақсатқа с а й пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	432,3
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	4 284 879,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (т ү г е л пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 778,8
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	2 736 887,0
			Бюджеттік кредиттер	12 068 681,0
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	7 042 238,0
	279		Облыстың энергетика және т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 926 390,0
		046	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу , сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін	1 467 044,0

			реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	
		048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	3 459 346,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 115 848,0
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	2 115 848,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	4 747 953,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	4 747 953,0
		025	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	1 405 812,0
		037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру	3 342 141,0

13			Басқалар	278 490,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	278 490,0
		069	Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	278 490,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	9 331 794,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	9 331 794,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	9 325 520,0
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	6 274,0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	5 205 554,0
			Қаржы активтерін сатып алу	5 205 554,0
13			Басқалар	5 205 554,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	3 955 480,0
		005	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	3 955 480,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	250 074,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	250 074,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	1 000 000,0

		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 000 000,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-3 543 861,5
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(3 543 861,5
7			Қарыздар түсімі	11 937 526,0
	1		Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	2 115 848,0
		10	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер	2 115 848,0
	2		Қарыз алу келісім-шарттары	9 821 678,0
		02	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	9 821 678,0
16			Қарыздарды өтеу	9 067 416,0

	257		Облыстың қаржы басқармасы	9 067 416,0
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	6 222 997,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2 838 145,0
		018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	6 274,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	673 751,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	673 751,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	673 751,5

Қызылорда облыстық мәслихатының
2017 жылғы "12" желтоқсандағы 17-
сессиясының № 157 шешіміне 2-
қосымша

2019 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы		Атауы		
			1. Кірістер	146 848 294,0
